

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛ ИСИМОВА ЖАНСАЯ

jansaya.isimova@mail.ru

Алматы,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: филол.ғ.к., доцент П.Т. Медетбекова

Жетекші пікірі: Мақалада түр-түс атауларына қатысты отандық ғалымдардың зерттеулері және түр-түстің тілдегі көрінісі жайында азды-көпті беруге тырысқан. Студент мейлінше түр-түс атауларының табиғатын ашып, оның әлемдегі тілдік бейнесінің рөлі мен танымы жайлы айтқан.

Кілт сөздер: түр-түс, тіл, таным, мәдениет, түр-түс табиғаты, т.б.

Ключевые слова: цветообозначение, язык, познание, природа цветообозначении, и др.

Keywords: tsветоoboznachenіye, language, knowledge, tsветоoboznachenіya nature, etc.

Аннотация: Түр-түс атаулары олардың тілдегі көрінісі және әлемнің тілдік бейнесіндегі түр-түстің рөлі жайында қарастырған.

Аннотация: Рассматривается название цветов и обозначение в языке, а также роль цветообозначение в языковом мире.

Summary: The name of flowers and designation in language, and also a role a tsveotooboznachenіye in языковом the world is considered.

Бізді қоршаған ортада, яғни адам өмірінде түстің маңызы зор. Түс адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етеді. Сондықтан да түске қатысты түрлі ғылым салаларының мамандары зерттеп-зерделеуге тырысады. Дегенмен түстердің әр қырын (аспектілерін) зерттегенде мамандар тарапынан адамзаттың қоршаған ортадағы заттар мен құбылысты атауда қолданатын, тереңде жатқан тарихи-мәдени тәжірибесі толығымен ескерілмейді. Әлемнің түр-түс бейнесі отандық біршама зерттеуші ғалымдардың түрлі зерттеу аспектілерінен көрініс алған, деседе зерттеуді қажет ететін тұстары бары анық. Сондай-ақ, белгілі бір түстің әртүрлі реңкіне қатысты тіл-тілде бейнелі тіркестер, идиомалар мен мақал-мәтелдер қолданылады. Сонымен қатар әрбір ұлттың өткен өмірінен әлеуметтік-тарихи, эмоционалдық-ментальдық ақпарат береді.

Әрбір тілдегі түр-түс атаулары – белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория. Сондықтан да түр-түс атаулары әр халықтың дүниетанымында өзіндік орын алады, олардың жасалу жолдары мен тілде қалыптасуы да әртүрлі [1; 5].

Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зертеулердің алар орны да зор. Атап айтқанда, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Копыленко, Ж. Манкеева, Г. Гиздатов, Б. Қасым, Г. Қосымова, Қ. Жаманбаева, Г. Зайсанбаева, С. Жапақов, т.б. ғалымдардың зерттеулерінен когнитивтік бағыт бастау алады. Танымдық

ғылымның нысаны болып саналатын *таным*, *тіл* мен *ақыл*, олардың өзара қатынасы сонау көне заманнан пікірталас тудырып келген. Тіл мен ойлаудың өзара қатынасы – ертеде философтарды да ойландырған мәселе. Дүниетаным жеке адамның өмір сүруімен байланысты болумен бірге адамның қоғамдық өмірдегі орнына да қатысты. Дүниетанымның жинақы көрінер жері – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, шаруашылық жүйесімен, табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты. Ұлттық дүниетаным түр-түс компонентті күрделі атауларда да орын алады. Түр-түстік ұғымды білдіретін сөздерден жасалған күрделі атау да басқа күрделі ұғымдық атаулар сияқты біртұтас лексика-грамматикалық бірлік деп танылатын, сыңарлары кем дегенде екі мағыналы лексемалардан тұратын аталым болып табылады. Күрделі ұғымдық атаулар номинациялық қызметпен қоса, танымдық қызмет атқарады. Қазіргі кезеңге дейін түр-түс атаулары түркі тілдерінде тіл білімінің морфологиялық саласында қаралып, лексика-грамматикалық тұлғалары анықталды. Этимологиялық тұрғыдан зерттеуге алынып, нәтижесінде күрделі ұғымдық атаулар категориясы белгілі бір жүйеге түсірілді. Түр-түске қатысты сөздер «сапалық сын есім» деп аталатын категорияда қамтылды [2; 12]. Қазақ тілінде бұған қатысты мәселелер І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, т.б. қазақ тілі мамандарының еңбектерінде айтылған. Күрделі сөздер тақырыбында түске қатысты күрделі аталым А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып, 30-жылдардың ішінде Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, К. Аханов, А. Ысқақов, А. Ермеков, Г. Жаркешева, Ж. Шәкенов еңбектерінде күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар жайындағы мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер түс атаулары арқылы жағымды, жағымсыз формада көрініс табады. Мысалы «ақ» түс – адалдықтың, тазалықтың, пәктіктің айғағы. «Жасыл» түс – жаңарудың, гүлденудің, жақсылықтың нышаны. «Қызыл» түс – жастық, сұлулық, әдемілік, нәзіктік, сыпайылық. «Сары» - уайым, сарғаю, сағыныш. «Көк» түс көгерудің, жақсы көңіл-күйдің, өсіп-өркендеудің белгісі. Қазақ «*көгер, көкте, көсегең көгерсің*», деп бата береді. «*Көгерме, көктеме*», -деп қарғайды. *Көкайым* – ашулы адам бейнесін көрсетеді. *Көк етікті* – ауқатты, бай адамды айтады. Ал *ала ауыз, алакөз, ала қол, ала құйын, ала көңіл* деген сөздер адамдар арасындағы жағымсыз әрекеттерді анықтайды.

«Ақ» деген жағымсыз бейнеде де қолданыла береді. Мысалы: *аққұс, ақсайтан – жеңілтек, ұшқалақ* деген сөз. *Ақсаусақ* - еңбек етпейтін, *ақкөз – тас жүрек, ақсирақ – жұт, жоқшылық сияқты теріс, қолайсыз жайларды көрсетеді. Қоңыр жел, қоңыр кеш, қоңыр күз, майда қоңыр – жайлы, ұнамды дегенді білдіреді. Қызыл қырғын, қызыл сөз, қызыл жел, қызыл көз, қызыл қыран* деген сөздер қанды қырғын, көп сөз, ыстық жел, аяуды білмейтін адам, жас бала деген ұғымдарды білдіреді [3; 3-5].

Түр-түс сырының көптеген ғылым салаларының зерттеу объектісіне айналуы оның табиғатының күрделілігін көрсетеді. Күнделікті тұрмыста, қоғамдық өндірісте маңызы ерекше. Ал тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік

әшекей, металл, асыл тас атауларының құрамында түр-түске қатысты сөздер аса мол ұшырайды. Мысалы: *ақбұркей, ақ қалпақ, ақзон темір, семсер, ақ найза, ақтас, ақ сандық, қара мылтық, көксауыр, қызыл тон, қызыл моншақ* [4. 174].

Қорыта келгенде ұлттық мәдениет және оны қалыптастырушы халықтың салт-дәстүрлері мен таным-түсінігін, көзқарасын және дүниетанымын танытуда түр-түс атауларының атқаратын қызметі зор. Түр-түс сырына осыншама мән берілуінің себебі – ең алдымен оның қоғамда, қоғам мүшелері үшін атқаратын қызметіне байланысты. Табиғаттағы түр-түс әлемімен таныс болу, оның тұрмыс-тіршілігімізде атқаратын аса қажетті қызметін білу. Түр-түстің табиғатын білу, құрамын, өлшемін, эталонын анықтау – өмірдің барлық саласында да қажетті, практикалық маңызы зор проблема болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мажитова Ш, Есембаева А. Түр-түс атауларының зерттелуі хақында.
2. Лауланбекова Роза Тәліпбайқызы. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты. Алматы, 2010.
3. Түр-түс атауларының танымдық негізі. Игілік, 2009. №3, 3-5бб.
4. Р. Н. Шойбеков. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы.
5. Қайдаров Ә. Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.- Алматы, 1992. -108б.